Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

2018-01-23 20:02:40 № 17643

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РМК

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015-11-30 № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес 2018-01-23 20:02:40 анықталған бұзушылықтарды "Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі, 150240013345, Шымкент қ. хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы хабарламаны оны берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Мынадай жағдайларда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалды деп танылады:

- келіскен жағдайда – осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес хабарлама жіберген Комитетке немесе аумақтық бөлімшеге қағаз немесе электрондық тасығышта бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды міндетті түрде ұсына отырып, хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою;

- келіспеген жағдайда – мемлекеттік аудит объектісінің Заңның 37-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ұсынған қарсылықты қарау нәтижелері бойынша Комитеттің оң қорытындысы.

Қағиданың 14 тармағына сәйкес, мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны жіберген Комитеттің аумақтық бөлімшесін бір мезгілде хабардар ете отырып, Ішкі мемлекеттік аудит комитетке хабарлама берілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес қарсылық жіберуге құқылы.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы хабарламаға тіркелді.

Сотрудник Сапарбеков Куанышбек Тастемирович

2018-01-23 20:02:40 № 17643 хабарламаға қосымша

Хабарламаның №: 2047869-2

Лоттың № 14561883-ОК1

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маманы-мемлекеттік аудитор Н.Исмаилов «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесін (БСН 150240013345 ОҚО, Шымкент қаласы, Астана даңғылы, 10) 2017 жылдың 06 қараша айында веб-порталға жариялаған №2047869-2 «ОҚО, Сарыағаш ауданы, Біртілек ауылдық округі, Еңбекші елді мекеніндегі №119 Р. Әлібекұлы атындағы 300 орындық оқу корпусы, спорт залы, асхана және шеберхана құрылысы кезіндегі инжинирингтік қызметі» хабарландыру бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алуларға камералдық бақылау жұмыстарын жүргіздім. Ұйымдастырушы болып табылатын Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы мемлекеттік мекемесі «ОҚО, Сарыағаш ауданы, Біртілек ауылдық округі, Еңбекші елді мекеніндегі №119 Р. Әлібекұлы атындағы 300 орындық оқу корпусы, спорт залы, асхана және шеберхана құрылысы кезіндегі инжинирингтік қызметі» ашық конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу үшін https://www.goszakup.gov.kz/ веб-порталында 06.11.2017 жылы №2047869-2 хабарлама орналастырған. 21.11.2017 жылғы ашу хаттамасына сәйкес, конкурсқа 15 әлеуетті өнім беруші өтінім ұсынған. Олар: «RoyalCompany» ЖШС; «КӨРКЕМ СӘУЛЕТ» ЖШС; «Абил Строй Инжиниринг» ЖШС; «Raiymbek & company» ЖШС; «Улмад» ЖШС; «ЗКА Проект» ЖШС; «Arman Stroi Holding» ЖШС; «Шаңырақ ордасы» ЖШС; «Конструктор Сапа» ЖШС; «ALKHARU GROUP» ЖШС; «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» құрылушы мекемелер дирекциясы» ЖШС; «Бинас Инжиниринг» ЖШС; «ОТАН құрылыс 888» ЖШС; «RIZIM engineering» ЖШС; «Оңтүстік құрылыс сараптама аумақтық орталығы» ЖШС; Конкурстық комиссияның 09.01.2018 жылғы №2047878-ОК2 қорытындылар туралы хаттамасымен алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген ескертулерді ретке келтіру құқығын 8 әлеуетті өнім беруші пайдаланып, олардың ішінде «ALKHARU GROUP» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысуға рұқсат беріліп, конкурсқа қатысуға бір ғана әлеуетті өнім берушіге рұқсат берілуіне байланысты конкурс өтпеді деп танылған. Камералдық бақылау барысында анықталғаны: Заңның 9-бабы 1-тармағы 4-тармақшасында Әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы жөнінде біліктілік талаптары белгіленген. Қағиданың 85-2 тармағына сәйкес, Техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді көрсету жөнінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде техникалық ерекшелікте тұрақты негізде онда жұмыс істейтін техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтер көрсететін аттестаттаудан өткен инженерлік-техникалық қызметкерлердің әлеуетті өнім берушілерде болуы туралы талап көрсетіледі. Аттестаттаудан өткен инженерлік-техникалық қызметкерлердің қызметтің көрсетілген түрін жүзеге асыратын басқа ұйымдарда жұмысты қоса атқаруына жол берілмейді. Тапсырыс беруші тарапынан конкурстың техникалық ерекшелігінің 17-тармағында өнім беруші инжинирингтік қызметтер көрсету барысында: Объектілерді қарау тексеруден өткен құрал-жабдықтардың көмегімен жүргізіледі (Құрал-жабдықтардың тексеруден өткен актілердің электронды көшірмелерін өтінімге тіркеу қажет). Бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар 2 білікті жұмысшылармен (мамандармен) жүзеге асырылуы тиіс. Білімі туралы дипломы, куәлігі, біліктілігі (мамандығы) және басқа да құжаттарының электронды көшірмелерін өтінімге тіркеу тиіс. – деген талаптар қойылған. Сонымен бірге, техникалық ерекшеліктің 29-тармағында Әлеуетті өнім берушілерге

инжинирингтік қызметтерді көрсету үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы міндетті талаптар көзделген. Конкурстың мәні инжинирингтік қызмет көрсету болғандықтан, конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасы біліктілігі туралы мәліметердің ескертпесінің 2-тармағына сәйкес, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады. Өтініш иесі, «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» құрылысшы мекемелер дирекциясы» ЖШС-нің конкурстық өтінімі - Бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті маман ұсынылмаған, - деген себеппен біліктілік талабына сәйкес келмейді деп конкурсқа қатысуға жібермеген. Бұл ретте, Қағиданың 85-2 тармағында инжинирингтік қызметтер көрсететін аттестаттаудан өткен инженерлік-техникалық қызметкерлердің әлеуетті өнім берушілерде болуы туралы біліктілік талабы көзделгендіктен, конкурстық комиссия Қағиданың жоғарыдағы талаптарына қайшы әлеуетті өнім берушіні конкурсқа қатысуға жібермеген. Себебі, әлеуетті өнім беруші біліктілігі туралы мәліметінде ұсынған аттестатталған инженерлік техникалық қадағалаушылары жеткілікті екені камералдық бақылау барысында анықталды. Конкурстық комиссия мүшелерінің шешімімен конкурстық құжаттама және біліктілік талаптарына сәйкес деп танылып, конкурсқа қатысуға жіберілген «ALKHARU GROUP» ЖШС – нің конкурстық өтініміне камералдық бақылау жүргізгенде анықталғаны: Қағиданың 150-тармағында, конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы, әлеуетті өнім берушіні конкурсқа қатысуға жібермеудің бірден-бір негізі ретінде айқындалған. Осы талаптарға қайшы конкурстық комиссия мүшелерінің шешімімен, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі конкурстың техникалық ерекшелігінде талап етілген 1 бірлік бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті маманы ұсынылмаса да, конкурсқа қатысуға жіберілгені анықталды. Бұл жөнінде конкурстың алдын-ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген. ҚР ҰЭМ Құрылыс, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының міндетін атқарушының 29.12.2014 жылғы №156-нқ бұйрығына 15.09.2016 жылғы №110-нқ бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың әдістемелік құжаттарына сәйкес, яғни әдістемелік құжаттың Л Қосымшасында «Бюджет есебінен толықтай немесе жартылай қаржыланатын күрделі құрылыс объектісін салу кезінде тапсырысшының жобасын басқару және техникалық қадағалау функцияларын жүзеге асыруға арналған шығын лимиті мен сан нормативтері» 2001 жылғы базалық деңгейдегі құрылыстың құны жылына 350,0 млн.теңгеден 450,0 млн. теңгеге дейін болғанда: тапсырысшының жобаны басқару функцияларын және техникалық қадағалауын жүзеге асыратын жұмыскерлер санының нормативі 5 адам болу керектігі көрсетілген. Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші «Конструктор Сапа» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде, аттестатталған техникалық қадағалаушылардың саны жеткілікті болуына қарамастан әлеуетті өнім берушіні конкурсқа қатысуға Қағиданың 150-тармағының талаптарында көзделмеген негізбен конкурсқа қатысуға рұқсат бермеген. Бұл ретте, конкурстық комиссияның қабылдаған бұл шешімі конкурсқа қатысуға рұқсат берілген «ALKHARU GROUP» ЖШС-нің конкурстық өтініміне қатысты қабылдаған шешімге қарама-қайшы екені анықталды. Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші «RIZIM Engineering» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерінің конкурсқа қатыстырмау себептерінің бірден-бір негізі ретінде Бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті маман ұсынылмаған – деген себептер болғаны анықталды. Сонымен бірге, әлеуетті өнім берушілер «Бинас Инжиниринг» ЖШС, «Шаңырақ ордасы» ЖШС, «ОТАН құрылыс 888» ЖШС, «Оңтүстік құрылыс сараптама аумақтық орталығы» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері комиссияның осы әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттама және біліктілік туралы талаптарына сәйкес келмейді

деген шешімдері камералдық бақылау барысында расталды. Осыған орай, жоғарыда аталған кемшіліктерді ескере отырып, №2047869-2 «ОҚО, Сарыағаш ауданы, Біртілек ауылдық округі, Еңбекші елді мекеніндегі №119 Р. Әлібекұлы атындағы 300 орындық оқу корпусы, спорт залы, асхана және шеберхана құрылысы кезіндегі инжинирингтік қызметі» ашық конкурсы бойынша орын алған Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою шараларын қабылдап, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заңнама талаптарына сәйкестендіру қажеттігін хабарлаймын. Қабылданған шаралар жөнінде 10 жұмыс күні ішінде Департаментті тиісті түрде хабардар етуіңізді сұраймыз.

Уведомление
об устранении нарушений, выявленных по результатам
камерального контроля

2018-01-23 20:02:40 № 17643

РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Южно-Казахстанской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

В соответствии с подпунктом 1) пункта 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» (далее - Закон) и пунктом 11 «Правил проведения камерального контроля, утвержденных Приказом Министра финансов Республики Казахстан от 2015-11-30 № 598 уведомляет Государственное учреждение "Управление государственных закупок Южно-Казахстанской области", 150240013345, г.Шымкент о нарушениях, выявленных 2018-01-23 20:02:40.

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Вам необходимо исполнить настоящее уведомление в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Исполнением уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, признается:

- в случае согласия - устранение нарушений, указанных в уведомлении с обязательным представлением на бумажном или электронном носителе информации об устранении нарушений в Комитет финансового контроля или его территориальное подразделение, направившие уведомление и при необходимости подтверждающих документов;

- в случае несогласия – положительное заключение Комитета финансового контроля по результатам рассмотрения возражения, представленного объектом государственного аудита в соответствии с подпунктом 4) пункта 1 статьи 37 Закона.

В соответствии с пунктом 14 Правил, объект государственного аудита в случае несогласия с нарушениями, указанными в уведомлении вправе направить в Комитет с одновременным извещением территориального подразделения Комитета, направившего уведомление, возражение согласно приложению 3 к Правилам, в течение пяти рабочих дней со дня, следующего за днем вручения (получения) уведомления.

Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в центральном уполномоченном органе по исполнению бюджета, а также банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с частью 3 статьи 462 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

В соответствии со статьей 60 Закона действия (бездействие) органов государственного аудита и финансового контроля и (или) их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение с описанием выявленных нарушений прилагается к уведомлению.

Сотрудник Сапарбеков Куанышбек Тастемирович

Приложение к уведомлению № 17643

от 2018-01-23 20:02:40

№ объявления: 2047869-2

№ лота 14561883-ОК1

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маманы-мемлекеттік аудитор Н.Исмаилов «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесін (БСН 150240013345 ОҚО, Шымкент қаласы, Астана даңғылы, 10) 2017 жылдың 06 қараша айында веб-порталға жариялаған №2047869-2 «ОҚО, Сарыағаш ауданы, Біртілек ауылдық округі, Еңбекші елді мекеніндегі №119 Р. Әлібекұлы атындағы 300 орындық оқу корпусы, спорт залы, асхана және шеберхана құрылысы кезіндегі инжинирингтік қызметі» хабарландыру бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алуларға камералдық бақылау жұмыстарын жүргіздім. Ұйымдастырушы болып табылатын Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы мемлекеттік мекемесі «ОҚО, Сарыағаш ауданы, Біртілек ауылдық округі, Еңбекші елді мекеніндегі №119 Р. Әлібекұлы атындағы 300 орындық оқу корпусы, спорт залы, асхана және шеберхана құрылысы кезіндегі инжинирингтік қызметі» ашық конкурс тәсілімен электрондық мемлекеттік сатып алу үшін https://www.goszakup.gov.kz/ веб-порталында 06.11.2017 жылы №2047869-2 хабарлама орналастырған. 21.11.2017 жылғы ашу хаттамасына сәйкес, конкурсқа 15 әлеуетті өнім беруші өтінім ұсынған. Олар: «RoyalCompany» ЖШС; «КӨРКЕМ СӘУЛЕТ» ЖШС; «Абил Строй Инжиниринг» ЖШС; «Raiymbek & company» ЖШС; «Улмад» ЖШС; «ЗКА Проект» ЖШС; «Arman Stroi Holding» ЖШС; «Шаңырақ ордасы» ЖШС; «Конструктор Сапа» ЖШС; «ALKHARU GROUP» ЖШС; «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» құрылушы мекемелер дирекциясы» ЖШС; «Бинас Инжиниринг» ЖШС; «ОТАН құрылыс 888» ЖШС; «RIZIM engineering» ЖШС; «Оңтүстік құрылыс сараптама аумақтық орталығы» ЖШС; Конкурстық комиссияның 09.01.2018 жылғы №2047878-ОК2 қорытындылар туралы хаттамасымен алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген ескертулерді ретке келтіру құқығын 8 әлеуетті өнім беруші пайдаланып, олардың ішінде «ALKHARU GROUP» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысуға рұқсат беріліп, конкурсқа қатысуға бір ғана әлеуетті өнім берушіге рұқсат берілуіне байланысты конкурс өтпеді деп танылған. Камералдық бақылау барысында анықталғаны: Заңның 9-бабы 1-тармағы 4-тармақшасында Әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы жөнінде біліктілік талаптары белгіленген. Қағиданың 85-2 тармағына сәйкес, Техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді көрсету жөнінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде техникалық ерекшелікте тұрақты негізде онда жұмыс істейтін техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтер көрсететін аттестаттаудан өткен инженерлік-техникалық қызметкерлердің әлеуетті өнім берушілерде болуы туралы талап көрсетіледі. Аттестаттаудан өткен инженерлік-техникалық қызметкерлердің қызметтің көрсетілген түрін жүзеге асыратын басқа ұйымдарда жұмысты қоса атқаруына жол берілмейді. Тапсырыс беруші тарапынан конкурстың техникалық ерекшелігінің 17-тармағында өнім беруші инжинирингтік қызметтер көрсету барысында: Объектілерді қарау тексеруден өткен құрал-жабдықтардың көмегімен жүргізіледі (Құрал-жабдықтардың тексеруден өткен актілердің электронды көшірмелерін өтінімге тіркеу қажет). Бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар 2 білікті жұмысшылармен (мамандармен) жүзеге асырылуы тиіс. Білімі туралы дипломы, куәлігі, біліктілігі (мамандығы) және басқа да

құжаттарының электронды көшірмелерін өтінімге тіркеу тиіс. – деген талаптар қойылған. Сонымен бірге, техникалық ерекшеліктің 29-тармағында Әлеуетті өнім берушілерге инжинирингтік қызметтерді көрсету үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы міндетті талаптар көзделген. Конкурстың мәні инжинирингтік қызмет көрсету болғандықтан, конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасы біліктілігі туралы мәліметердің ескертпесінің 2-тармағына сәйкес, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады. Өтініш иесі, «СТРОЙИНТЕГРАЦИЯ» құрылысшы мекемелер дирекциясы» ЖШС-нің конкурстық өтінімі - Бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті маман ұсынылмаған, - деген себеппен біліктілік талабына сәйкес келмейді деп конкурсқа қатысуға жібермеген. Бұл ретте, Қағиданың 85-2 тармағында инжинирингтік қызметтер көрсететін аттестаттаудан өткен инженерлік-техникалық қызметкерлердің әлеуетті өнім берушілерде болуы туралы біліктілік талабы көзделгендіктен, конкурстық комиссия Қағиданың жоғарыдағы талаптарына қайшы әлеуетті өнім берушіні конкурсқа қатысуға жібермеген. Себебі, әлеуетті өнім беруші біліктілігі туралы мәліметінде ұсынған аттестатталған инженерлік техникалық қадағалаушылары жеткілікті екені камералдық бақылау барысында анықталды. Конкурстық комиссия мүшелерінің шешімімен конкурстық құжаттама және біліктілік талаптарына сәйкес деп танылып, конкурсқа қатысуға жіберілген «ALKHARU GROUP» ЖШС – нің конкурстық өтініміне камералдық бақылау жүргізгенде анықталғаны: Қағиданың 150-тармағында, конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы, әлеуетті өнім берушіні конкурсқа қатысуға жібермеудің бірден-бір негізі ретінде айқындалған. Осы талаптарға қайшы конкурстық комиссия мүшелерінің шешімімен, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі конкурстың техникалық ерекшелігінде талап етілген 1 бірлік бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті маманы ұсынылмаса да, конкурсқа қатысуға жіберілгені анықталды. Бұл жөнінде конкурстың алдын-ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген. ҚР ҰЭМ Құрылыс, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының міндетін атқарушының 29.12.2014 жылғы №156-нқ бұйрығына 15.09.2016 жылғы №110-нқ бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың әдістемелік құжаттарына сәйкес, яғни әдістемелік құжаттың Л Қосымшасында «Бюджет есебінен толықтай немесе жартылай қаржыланатын күрделі құрылыс объектісін салу кезінде тапсырысшының жобасын басқару және техникалық қадағалау функцияларын жүзеге асыруға арналған шығын лимиті мен сан нормативтері» 2001 жылғы базалық деңгейдегі құрылыстың құны жылына 350,0 млн.теңгеден 450,0 млн. теңгеге дейін болғанда: тапсырысшының жобаны басқару функцияларын және техникалық қадағалауын жүзеге асыратын жұмыскерлер санының нормативі 5 адам болу керектігі көрсетілген. Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші «Конструктор Сапа» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде, аттестатталған техникалық қадағалаушылардың саны жеткілікті болуына қарамастан әлеуетті өнім берушіні конкурсқа қатысуға Қағиданың 150-тармағының талаптарында көзделмеген негізбен конкурсқа қатысуға рұқсат бермеген. Бұл ретте, конкурстық комиссияның қабылдаған бұл шешімі конкурсқа қатысуға рұқсат берілген «ALKHARU GROUP» ЖШС-нің конкурстық өтініміне қатысты қабылдаған шешімге қарама-қайшы екені анықталды. Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші «RIZIM Engineering» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерінің конкурсқа қатыстырмау себептерінің бірден-бір негізі ретінде Бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті маман ұсынылмаған – деген себептер болғаны анықталды. Сонымен бірге, әлеуетті өнім берушілер «Бинас Инжиниринг» ЖШС, «Шаңырақ ордасы» ЖШС, «ОТАН құрылыс 888» ЖШС, «Оңтүстік құрылыс

сараптама аумақтық орталығы» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері комиссияның осы әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттама және біліктілік туралы талаптарына сәйкес келмейді деген шешімдері камералдық бақылау барысында расталды. Осыған орай, жоғарыда аталған кемшіліктерді ескере отырып, №2047869-2 «ОҚО, Сарыағаш ауданы, Біртілек ауылдық округі, Еңбекші елді мекеніндегі №119 Р. Әлібекұлы атындағы 300 орындық оқу корпусы, спорт залы, асхана және шеберхана құрылысы кезіндегі инжинирингтік қызметі» ашық конкурсы бойынша орын алған Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою шараларын қабылдап, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заңнама талаптарына сәйкестендіру қажеттігін хабарлаймын. Қабылданған шаралар жөнінде 10 жұмыс күні ішінде Департаментті тиісті түрде хабардар етуіңізді сұраймыз.